

БЕКІТЕМІН

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Білім беруді жаңғырту
орталығы» МКҚК
басшысының м.а.



С.Дауешова
2022ж.

«ҮЗДІК ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІ» ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Үздік өндірістік оқыту шебері» байқауының (бұдан әрі – «Байқау») максаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, Білім басқармасы мен Нұр-Сұлтан қаласы «Әділет» Білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізеді.

1.3. Байқауды өткізу мерзімділігі - жылына бір рет. Байқау туралы ақпарат Нұр-Сұлтан қаласы «Білім беруді жаңғырту орталығының» және «Әділет» Білім беру қызметкерлері кәсіподағының сайтында жарияланады.

1.4. Мақсаты:

- өндірістік оқыту шеберлерінің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын жетілдіру, мамандығының беделін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені насихаттау;

1.5. Міндеттері:

- өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби деңгейін арттыру;
- дарынды, шығармашылықпен жұмыс істейтін өндірістік оқыту шеберлерін анықтау;
- өндірістік оқыту шеберлерін қолдау және ынталандыру;
- шығармашылық байланыстарды кеңейту және кәсіптік оқыту саласындағы жаңа идеялар мен жетістіктермен алмасу;
- өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға қажеттіліктерін дамыту;
- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметтегі озық тәжірибені тарату.

II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Нұр-Сұлтан қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері.

2.2. Әр ұйым 3 қатысушыға дейін ұсына алады.

2.3. Байқау өткізу тілі - қазақ, орыс.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен байқаудың сараптамалық комиссиясы құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мен сараптамалық комиссия Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен бекітіледі (келісім бойынша).

3.3. Сараптамалық комиссия Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасының, Білім беруді жаңғырту орталығының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, «Әділет» педагогикалық қызметкерлерінің қалалық кәсіподағының өкілдері, тәжірибелі педагогтардың, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларының жеңімпаздарының, әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатарынан қалыптасады.

IV. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

1 кезең - өтінімдерді тіркеу. Байқауға қатысушылар өтінімдерді 2022 жылдың 21 қазанына дейін байқаудың tipokonkurs@mail.ru электрондық поштасына жібереді. Үш жұмыс күні ішінде олардың өтінімдері жіберілген e-mail-ге материалдарды алғаны туралы растау келіп түседі.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефондары: 8(701)5068939, 8(701)6447318, 8(777)5338769.

2 – кезең - конкурстық материалдарды сараптау- 2022 ж. 24 -27 қазан аралығында;

3 - кезең - конкурстың қорытындысын шығару- 10 қараша 2022 жыл.

Байқау тапсырмалары. Байқаудың өндірістік оқыту шеберлері арасында өтетін I-ші іріктеу туры (сырттай өтеді).

1. Байқауға қатысушының визиттік карточкасы (бейнеролик). Байқауға қатысушының визит карточкасы педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және сабақтан тыс қызмет нәтижелерінің динамикасы туралы түсінік береді. Сөз сөйлеу 3 минуттан аспау қажет. Презентация 5 слайдтан артық емес.

Бағалау критерийлері:

- Педагогикалық қызмет туралы мәліметтердің қысқалығы мен сыйымдылығы (3 ұ);
- Педагогтың жетістігі (10ұ);
- Эстетика және материалды беру мәдениеті (3ұ);
- Ерекшелік және қабылдауға тиімділігі (5ұ)

2. Жаңашыл технологияларды және сандық ресурстар қолданылған тәжірибелік сабақтың үзіндісі (10-15 мин)

Бағалау критерийлері:

- Тақырыпты ашудың инновациялылығы мен тереңдігі (5ұ);
- Материалды ұсынудың әдістемелік тәсілдерінің әртүрлілігі, орындылығы және бірегейлігі (5ұ);
- Студенттер әрекетінің жоғары қарқындылығына қол жеткізу және қолдау білігі (5ұ);
- Дербес іздестіру қызметін ұйымдастыра білу (5ұ);
- Көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті (5ұ).

Байқау материалдарын сараптау барысында 40-тан жоғары ұпай жинаған қатысушылар байқаудың II турына жіберіледі.

3. Байқаудың қорытынды кезеңі – II-ші тур (тікелей қатысу арқылы өтеді) және Педагогикалық жағдайдың шешімін табуды қамтиды.

Бағалау критерийлері:

- жағдайды шешудің абстрактілі моделін құру, оңтайлы соңғы нәтижені ұсыну (5ұ);

- ресурстарды анықтау және нақты шешімге қол жеткізу (5ұ);
 - ұсынылған шешімді жүзеге асыру үшін шешуді қажет ететін қосалқы жағдайларды тұжырымдау (5ұ);
- Қатысушылардың байқау материалдары рецензияланбайды, қайтарылмайды.
Белгіленген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қабылданбайды.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1 Байқаудың барлық кезеңдерінің нәтижелері бойынша жинаған ұпай санына сәйкес орындарды бөлу.

5.2. Байқау нәтижесі бойынша «Үздік өндірістік оқыту шебері» жеңімпазы мен жүлдегерлері анықталады (1, 2, 3 орын).

5.3. Байқау жеңімпаздары Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы мен «Әділет» педагогикалық қызметкерлері кәсіподағының Дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

5.4. Байқау барысында 40-тан жоғары ұпай жинаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.